

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**“Айқап журналы және Мұхамеджан Сералин”**ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.03.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/135041/**“Айқап журналы және Мұхамеджан Сералин”**

Мұхамеджан Сералин — 1872 жылы Қостанай уезі Шұбар болысының №5 ауылында қазіргі Қостанай облысы Қарабалық ауданы Өрнек ауылында туған. Көрнекті жазушы, білікті журналист, қоғам қайраткері ретінде танылған. Мұхамеджан 3 жасқа толғанда әкесі Сералы қожа қайтыс болады да, ауыр тұрмыс жағдайынан шешесі балаларын алып Троицкідеге туыстарына кетеді. Мұхамеджан Сералин 1880-1887 жылдары Троицкідегі медреседе оқиды, оны аяқтағаннан кейін Қостанайдағы екі кластық мектепке түседі. Оны 1891 жылы табысты аяқтайды. Оқуды аяқтағаннан кейін 1891-1900 жылдар арасында біраз уақыт ауылнайдың хатшысы болып істейді, кейін Арал теңізі жағына барып, оқытушы болып кетеді. Білімін өздігінен жетілдіре түсіп, орыс, татар жазушыларының шығармаларын көбірек оқиды. Мұхамеджан Сералин 1900 жылы Троицкіге көшіп, миллионер татар Яушев деген көпестің приказчигі болады. 1909-1910 жылдары Яушевтің сенімді өкілі болып істейді, яғни, ел аралап, Яушевтің әркімге қарызға, несиеге берген тауарларының ақшасын жинайды. Ол осының арқасында халықпен араласады, оның тұрмысымен танысады, дала жайы мен қала жайын, қазақ ахуалын мен қала халықтарының ахуалын салыстырады. Елді көп аралаған Мұхамеджан қазақтың мақал-мәтелдерін жинап, жазып, жарыққа шығаруға ұмтылады. Осының арқасында Оның 1900 жылы «Топжарған», 1903 жылы «Гүлқашима» атты поэмалары жарық көреді. Оның бұл поэмалары өз заманының зор еңбегі болады. Мұхамеджан Сералин есімін айтқан кезде біздің есімізге «Айқап» журналы түседі, Мұхамеджан Сералин қазақ даласында журнал шығарған алғашқы қазақтың бірі ғана емес, осы журнал арқылы халықтың мұң-мұқтажын көрсете білген біртуар тұлға. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық қызметі осы журналмен тығыз байланысты. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық қызметін екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезеңіне «Айқап» журналында төңкеріске дейін басылған 40-қа жуық мақала жатады. Екінші кезең 1918-1928 жылдар аралығын қамтиды, бұл кезеңде «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде саясат шаруашылығы, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланады.

Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық қызметі 1911 жылы Троицкіде шыққан демократтық

бағыттағы «Айқап» журналымен тығыз байланысты. «Айқап» журналының алғашқы саны Троицк қаласында 1911 жылдың қаңтарында жарық көрді. Ол журналды алғаш жұрттан қарызға ақша алып, пай жинай жүріп шығарды. Біраз уақыттан соң журнал өз қаржысымен шыға бастады, оған жәрдемдесушілер де табылды. Дегенмен, қаржының тапшылығынан ол алғашқы жылы айына бір реттен, кейде шағын көлемді болып жарық көрді. Жәрдемдесушілер көбейіп және өзі қаржыға ие болғаннан кейін, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен, 12-14 бет көлемде шықты. Профессор Қ.Бекхожиннің дәлелдеуінше, «Айқаптың» тиражы 1000 дана болған. Жалпы журналдың бес жыл ішінде 89 саны жарық көрген. «Айқаптың» «Өлең-жыр», «Фельетон», «Хабаршыларымыздан», «Ашық хат», «Басқармадан жауап» деп аталған тұрақты айдарларының болуы оның жұмысындағы ұқыптылықты, жүйелілікті танытады. Журналдың жоғарыдағы айдарлар бойынша жарияланған материалдарынан айқын аңғаруға болады. «Айқап» журналында сол заманның маңызды деген мәселелері талқыланды. «Айқап» өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей ордасы мен Кавказ округына қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хат келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қостанайдан, Семейден және тағы басқа жерлерден келген мақалалар жиі жарияланды.

«Айқап» мемлекеттік Думаларға, Дума сайлауларына байланысты мақалалар жариялады. Қазақтарға да сайлау құқығы берілуін, Думаға қазақтан да депутаттар сайлануын, онда халқымыздың көкейкесті мәселелерінің қаралып, шешімін табуын талап етті.«Айқап» журналының редакторы болған М.Сералин журналдың 1912 жылғы үшінші санындағы «Юбилей туралы» атты мақалада Романов тұқымдарының патшалық құрғандарына 300 жыл толу мерекесіне қатысатын қазақ өкілдеріне мынадай тапсырмалар жүктейді:1. Қазақстаннан Думаға депутат сайланатын болсын2.Қазақ жеріне енді шеттен көшпенділер келтіру тоқтатылсын3.Қазақ, орыс орналасқаннан қалған жер қазақ пайдасына берілсін4. Мал шаруашылығын жаңаша өркендетуге орыспен қатар қазаққа да учаске болсын5. Қазақстандағы қазынадан сатылатын жерлерді орыспенқатар қазақтың да сатып алуына рұқсат етілсін6. Дін туралы, мектеп, медресе ашу туралы, халық сотын өзгерту туралы сұралсын [2.96].

Осындай мәселелерді көтере білген Мұхамеджан Сералин қиындықтарға қарамастан, 1915 жылға дейін журналдың шығуын қамтамасыз етеді. Патша отарлау саясатының түпкі мақсатын дәл тани біліп, оны жұртқа дұрыс түсіндіруде де білгірлік танытты. Мәселен, оның мына пікіріне құлақ түрелік: «Соңғы он жыл ішінде үкімет... қырғыз-қазақтардың отырықшы қылып, өнер үйретейін, өнерге алғызайын, салдырлап көшіп азап шеккенше отырықшы болып жан тыныштық қылсын деп емес, отырықшы болып 12-15 десятина жер алып, ала алмағандардың жерін кесіп алмақ» [2.996].

Дәл бұлай батыл пікір айту тек Сералин тәрізді саналы, ержүрек жанның ғана қолынан келмек. М.Сералиннің «Отырықшы болған қазақтар туралы» деген мақаласында «Жаңа

болыстық соттардың қазақы дау-жанжалдарды шешуге икемсіз болып отырғанын мысалдармен дәлелдеп, болыстық сот құны 300 сомнан артық мал дауын тексере алмайды. Қазақ арасындағы жесір дауларының құны көбіне 300 сомнан асып кететіндіктен дау-дамай қалай шешіледі» деп жұртқа сұрақ қояды да, ол үшін «Қазақ әдеттері» деген кітап шығару қажет дегенді айтады. «Айқап» журналында Мұхамеджан Сералин алдымен қолға алған, көп жазған негізгі, маңызды мәселесі – жер мәселесі, отырықшы болу, егін кәсібімен айналасу, поселке, қала салу мәселелері болды. Бұл мәселелер жөнінде Мұхамеджан Сералин өзінің «Жер мәселесі», «Ескі жыр», «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақалалар жазып, оны журнал беттерінде жариялайды. Мұхамеджан Сералин тек журнал шығарып қана қоймай ел арасындағы ағарту мәселесіне де көңіл бөледі. Мұхамеджан Сералин өзінің туған ауылында кітапхана мен мектеп ашады. М.Сералиннің бастамасымен №5 ауылда Шұбар болысында 1917 жылы ауыл құрылып, суырыпсалма ақын Сералының құрметіне «Сералы ауылы» деп аталады. Бұл ауылда 30 үй болған. Егіншілікпен айналысып, қала типті тұрғын үйлер ғимараттарының құрылысы бой көтерген. Жетімдер мен кедей балаларына қамқорлық көрсеткен. Мектепте кешке ересектер арасындағы сауатсыздықты жою мақсатында курстар құрып, жастар күшімен көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарына тегін спектакльдер қойылған. Пьеса авторы көбінесе Мұхамеджан Сералиннің өзі болған. Спектакльдерде феодалдық көріністер сыналып, білім, ғылым мадақталып, табиғи байлықтар мен жануарлар әлемін сақтауға көңіл бөлінеді. Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналы жабылғанға дейін журнал беттерінде өз заманының өткір мәселелерінің бірі — ағарту, өнер, ғылым, мәдениет, тіл әдебиет мәселелеріне байланысты «Біздің жастарымыз», «Шәкірттер халінен» деген мақалаларын жазады.

1915 жылы тамыз айында «Айқап» журналы тоқталғанда «Басқармадан» деген мақала жазып, Мұхамеджан Сералин журнал жұмысының барлық нәтижесін, атқарған жұмыстарын қорытқан. 1915 жылы «Айқап» журналы жабылған соң, Мұхамеджан Сералин Троицкіде біраз уақыт орыс тілінде шығып тұратын «Степь» газетінің редакциясында қызмет істейді. 1916 жылы өз ауылына көшіп, 1919 жылдың басына дейін сонда тұрады. Мұхамеджан Сералин 1919 жылдың басында Орынбор қаласына барып, алғаш рет кеңес өкіметінің қызметіне кіреді. Сонда губерниялық жер-су бөлімінде істейді. Сонымен бірге Орынбор қазақ өлкесін басқаратын соғыс-төңкеріс комитетінің қазақ тілінде тұңғыш рет шыққан «Ұшқын» газеті редакциясының алқа мүшесі болып істейді. 1920 жылдың аяғында өз еліне қайтады. 1920-1921 жылдары М.Сералин Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы және партия ұйымының хатшысы болған. 1922 жылы Қостанай өз алдына губерния болып құрылды. Осы жылы Мұхамеджан Сералин губерниялық қызметке шақырылды, онда әуелі губерниялық жер бөлімінің бастығы әрі губерния атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланады. 1923 жылы қыркүйекте Қостанай губерниялық партия кеңес комитетінің «Ауыл» газетін шығарады. 1924 жылы қаңтарда Кеңестердің бүкілресейлік II съезіне

делегат болып сайланды. 1926 жылға дейін газеттің редакторы болды. 1928 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне мүшелікке өтеді. Осы жұмыста жүріп қаны тасу кеселімен ауырып, 1929 жылдың жазында дүние салады. Мұхамеджан Сералин қазақ тілінде тұңғыш рет «Айқап» журналын шығарды, халыққа баспасөз арқылы қызмет етті. «Журнал шығарудағы мақсатымыз тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді» дейді ол [3.986]. «Айқап» кейбір қатесі, кемшілігі бола тұрса да, жалпы алғанда, демократтық-ағартушылық бағытта болды, қазақ тарихында прогресшіл роль атқарды: халықтың оянуына, саясат, шаруашылық, мәдениет жақтан өсуіне біраз әсер етті. Қазақстанның сол кезде құрыла бастаған зиялыларына «Айқап» қазақша ойлауды, ойлағанын қазақша жазуды үйретті, газет, журнал шығару қазақ оқығандарының да қолынан келетін жұмыс екенін дәлелдеді. Мұхамеджан Сералин «Айқап» арқылы, өз шығармалары арқылы қазақ халқының Абай мен Ыбырай негізін салған сара жолдың одан әрі дамуына өз үлесін қосты. Оның қазақ халқының XX ғасыр басындағы ірі көрнекті қоғам қайраткері әрі көрнекті журналисі және ақыны ретінде тарихта өз орны бар тұлға екенін мойындаймыз.

АМАНКЕЛЬДИЕВА Ақбота

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Журналистика факультеті, 1 курс

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.